



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің
85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана 17 наурыз 2023 жыл

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Сыдықов Е.Б.

Редакция алқасы: А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВ ПРОЗАСЫНЫҢ ТІЛДІК-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (КЕМЕЛ ТОҚАЕВТЫҢ «САРҒАБАНДА БОЛҒАН ОҚИҒА» ПОВЕСІНІҢ НЕГІЗІНДЕ)

*ЖАҚЫПОВ Ж.А.,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының докторы, профессор
ҒАБДРАХМАН Т.С.,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.
Қазақстан, Астана қ.*

Аннотация. Бұл мақалада қазақ детективті прозасының ерекшеліктері Кемел Тоқаевтың «Сарғабанда болған оқиға» повестінің негізінде, соның ішінде тілдік-стильдік ерекшеліктері негізінде талданды. Осыған орай Кемел Тоқаевтың қазақ әдебиетінде және қазақ тіл білімінде ойып алардай өзіндік орны бар деген тұжырымға келеміз. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде Кемел Тоқаев тұсында криминалистика, детективтік жанры қазақ әдебиетінен алғаш рет орын алып, аталмыш жаңашыл жанрдың лингвистикалық сипаттары назарға ілінді. Демек қазақ детективтік прозасындағы лингвистикалық және стилистикалық аспектілерінің дамуы, оларды анықтау барысында үлкен қадам болғаны анық. Мақалада К.Тоқаевтың «Сарғабанда болған оқиға» повесі, тілдік-стильдік материалдар негізінде осы пікір дәлелденеді.

Резюме. В статье анализируются особенности казахской детективной прозы на основе повести Кемеля Токаева «Происшествие в Саргабане», в том числе на основе языковых и стилистических особенностей. В связи с этим можно сделать вывод, что Кемел Токаев занимает особое место в казахской литературе. В казахской литературе XX века при Кемеле Токаеве жанр криминологии и детектива появился в казахской литературе впервые, и были учтены языковые особенности этого новаторского жанра. Поэтому развитие лингвистических и стилистических аспектов казахской детективной прозы стало большим шагом в их определении. Это мнение подтверждается в статье на основе рассказа К. Токаева «Происшествие в Саргабане», лингвистических и стилистических материалов.

Summary. The article analyzes the features of Kazakh detective prose based on Kemel Tokayev's story "Incident in Sargaban", including on the basis of linguistic and stylistic features. In this regard, it can be concluded that Kemel Tokayev occupies a special place in Kazakh literature. In the Kazakh literature of the twentieth century under Kemel Tokayev, the genre of criminology and detective story appeared in Kazakh literature for the first time, and the linguistic features of this innovative genre were taken into account. Therefore, the development of linguistic and stylistic aspects of Kazakh detective prose was a big step in their definition. This opinion is confirmed in the article on the basis of Kemel Tokayev's story "Incident in Sargaban", linguistic and stylistic materials.

Қазақ көркем прозасының тілі лингвистикада едәуір зерттелді. Алайда детективтік прозаның лингвистикалық сипаттары назарға іліккен жоқ. Өйткені детективтік жанрдағы шығармалар салыстырмалы түрде алғанда қазақ әдебиетінде аз. Бұл салада өндіре еңбек еткен, осы жанрдың қалыптасуына айрықша еңбек сіңірген жазушы Кемел Тоқаев болды. Осы жазушының шығармаларына жасалған барлау детективтік прозаның көркем прозаның басқа түрлеріне қарағанда өзіндік тіл қолданысы бар, өзіндік мәтінтүзімдік ерекшеліктері бар жанр екенін байқатты.

Қазақ детективті прозасында өзіндік лексикалық құрам, оның жұмсалымы төңірегінде ерекшеліктерді тауып бағалау маңызды. К. Тоқаевтың шығармаларындағы тілдік және стильдік ерекшеліктерді анықтай отырып, криминалистика дискурсында қолданылған арнаулы тілдік бірліктерді, троптарды, фигураларды анықтаудың маңызы зор.

Зерттеу өзектілігі детектив мәтінін оқырманның қалай қабылдайтынын лингвистикалық тұрғыдан бақылау, мұндағы автор мен оқырманның тұрғылары қазақ тіл білімінде орындалмаған іс екендігінен де байқалады. Бұл – қазақ детективтік прозасының, осы прозаға өкілдік ететін К. Тоқаев шығармаларын антропоөзектілік тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Көркем мәтін – аяқталған күрделі ойды білдіретін, бір-бірімен өзара тығыз байланысты лингвистикалық және вертикал контекст негізінде туындайтын полисемантикалы, біртұтас коммуникативтік-прагматикалық ашық жүйе. Көркем мәтіндегі ақпар түрлерін мазмұндық-айғақтық, мазмұндық-тұжырымдық, мазмұндық-астарлы деп бөледі. Жазушы К. Тоқаев шығармаларында осындай ақпараттың берілу ауқымын таразылау қазақ тіліндегі детективтік мәтіннің түзілімдік сипаттарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл – К. Тоқаевтың мәтіндерін тексеру арқылы детективтік мәтінді функционалдық тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген жайттар қазақ детективтік прозасын, осындай прозаға өкілдік ететін жазушы К. Тоқаев шығармаларын тілтанулық тұрғыдан зерттеудің өзектілігін айқын көрсетеді.

Соңғы жылдары оқырмандар детективтік жанрды жиі таңдай бастағанын, атап айтқанда, оның мәтін лингвистикасы, когнитивтік лингвистика және әдебиеттану ғылымдарының пәнаралық зерттеу нысанына айналғанын атап өтуге болады. Тіл мамандары әдеби шығарма тудыратын тілдік құралдарды зерттесе, әдебиеттануда көркем мәтіннің мазмұндық элементтерін құрылымдауға мән берілсе, когнитологтар мәтіннің мағыналық құрылымын зерттейді.

«Көне заманнан күні бүгінге дейін кітаптардың мазмұнында авторлар өз мәтінде қандай да бір жұмбақты шешілмеген, әлдебір құпияны ашылмаған күйінде қалдыруға тырысып келеді. Сол себепті детектив жұмбақтың ең жоғары формасына айналды, басқаша жағдайда оқырманға шешуге ұсынылатын бір немесе бірнеше белгісізі бар теңдеу болар еді.

Мұндай жұмбақ – кітаптың негізгі концепциясына, оның сюжеттік кіріспесіне айналады. Әдетте, бұл қарапайым, күнделікті өмірдің шеңберінен шығып, оқырманның назарын аударатын қандай да бір оқиға. Сол себепті біз зерттеуіміздің нысаны ретінде Кемел Тоқаевтың «Сарбағанда болған оқиға» повесін ұсынып отырмыз. *Әділеттілікті ту еткен полковник Дайыров мен аға лейтенант Майлыбаев, күнәсіз бейнені жамылса да, «алтын көрсе, періште жолдан таяр» бас күнәһар, бас хирург, Цой жазушының стилистикасын да вербалды коммуникация, яғни паралингвистика арқылы және суреттеу арқылы өз шеберлігін ерекше танытқан.* Қазақ детективтік прозасын оқиғаның шымшытырық эпизодтарымен, ондағы кейіпкерлердің «майданға мінін ұрлап, жасырып» түскісі келгені оқырманның назарын одан бетер қызықтырмаса, жалықтырмайды. Осы ретте *орын, уақыт* егжей-тегжейлі көрсетіледі, жәбірленуші, мән-жайлар, кейбір ұсақ-түйектер сипатталады. Ол сондай-ақ көріністі сипаттауға көмектесетін арнайы сөздіктерді, тілдік құралдарды пайдаланады. Осының барлығы жұмбақ түрінде оқырманның шешуіне берілген. Детективтің мәні де осында: қылмыстың мотивіне және оның қалай және қайдан пайда болғанына ұсақ-түйекке дейін, түптеп келгенде, сөзсіз шешілетін, басқа шығармаларға қарағанда айырықша ерекшелік тұратын бір жұмбақ бар.

Кемел Тоқаевтың прозасын тілдік жағынан пайымдап, сараптамас бұрын, детектив сөзінің – жұмбақ істі, көбінесе қылмысты тергеу туралы баяндайтын шайқасқа толы әдебиет жанры екендігін негізге алайық. Қазіргі тіл білімінде де, әдебиеттануда да жанрдың анықтамасы әлі толық тұжырымдалған жоқ. Бастапқыда жанр анықтамасы көркем әдебиетте мәтіннің

тақырыптық бағытын жіктеу құралы ретінде пайда болады. Демек, жанрдың табиғаты өз атауына өзі жауап беретін анық құбылыс.

Автордың «Сарғабанда болған оқиға» повесінің өн бойында оқырман жай оқымайды, соңына дейін оқымай тұрып-ақ өзі жұмбақ ашуға тырысады. Ол үшін оқырманға көптеген тұспалдар, байқап, жалпы логикалық көрініске қосу оңай емес шағын ескертулер беріледі. Мысалы: «Рахым қылмыскерлермен кездейсоқ кездескен. Және медицина сарапшылары көрсеткендей, үстіне түскен жара таңбаларына қарағанда Рахымды тілгілеп, қатты қинаған. Соған қарағанда ол қылмыстылардың құпиясын білетін болуы керек. – Қандай сыр болуы мүмкін? Бұл жұмбақты шешуге тырысамыз, жолдас полковник» (Кемел Тоқаев. Таңдамалы-2, «Сарғабанда болған оқиға», 28-б.). Айқын дәлелдер оқырманды оқиғаның эпизодтық көрінісіне үстіртін қатарпай, терең ойға жетелейді, логикалық қорытындымен аяқталатын құнды ойлар санын көбейетін үдеріс тудырады. Кемел Тоқаевтың біз талдап отырған көркем туындысындағы адамның «ойлау механизмдеріне» қатысты мысалдардың көптігі – шығарманың когнитивтілік жағынан ерекшеліктері бар деген ойға келтіреді. Әр түрлі каналдар арқылы адам миына түсетін ақпараттарды өңдеу үдерістеріне жоғарыда келтірген соңғы мысалдарын жатқызуға болады деп санаймыз.

Осының барлығына маңызды ойларды бастың ішінде сақтау және байланыстыру қабілеті арқылы қол жеткізіледі. Бұл тұста да оқырманның логикасына әсер ету, тұтас оқиғаны түсіну арқылы көз алдына елестету үшін тілдік-стильдік құралдардың қажеттілігін көреміз. Мысалы: «Қылмыс жолына түскендер әшкереленбеу үшін әрқилы айла-әрекет жасайды. Оларды ұстау үшін мынадай жалаң факті жеткіліксіз» (Кемел Тоқаев. Таңдамалы-2, «Сарғабанда болған оқиға», 57-б.).

Кемел Тоқаевтың тұспалдау шеберлігі оның қаламгерлік қабілеті мен әдеби сауаттылығын анық дәлелдейді. Автор себеп-салдарлық байланыстарды орнатып, оқырман үшін гипотезаны алға қоюды шартты түрде ұсынады. Оқырманның болжау қабілетін тілдік-стильдік құралдармен дамытуға бағытталған іспетті. Оқырманға сипатталған жағдайдың ықтимал себептерін табу ұсынылады. Мысалы: «Түу, сіз үлкен саясаттан бастадыңыз ғой. Жұмыс аяғы бітті, кісі шаршады деп ойламайсыз. Қалай десеңіз де жиналыс жұмыс емес...» (Кемел Тоқаев. Таңдамалы-2, «Сарғабанда болған оқиға», 35-б.). Мыслы: «Дереу операция бөлмесіне апарыңдар! Рахым бар қайратын шақырып, кең тыныс алды да шешесіне ымдағандай болды». Даралау және шектеу мағынасында жұмсалған сөйлемді түсінуге және бағалауға, логикалық ойлауға, болжам жасауға үйретеді, ойлаудың өзіндік ерекшелігі мен икемділігін дамытуға көмектеседі.

Әдебиет пен тарихтың екеуі де уақыттың жетегінде жүретін антропогендік үдеріс. Демек, дәуірге байланысты халықтың тілдік қоры да әр түрлі өзгерістерге ұшырап отыратыны рас. Аталмыш симбиоздық құбылыс аталмыш шығармадан да көрініс тапқан сияқты. Мысалы: «Жолдас полковник!» дегендегі «жолдас» сөзі советизм – кеңестік дәуірде қалыптасқан сөз, идеологиялық сөз тіркесін құраушы, қабыса байланысқан қосалқы айқындауыш болып тұр...

Бүгінгі күнге дейін белгілі ресейлік тілтанушы М.Н.Кожина берген детективтік жанрдың келесі ең жалпы анықтамасын бөліп көрсетуге болады: «... әдеби шығарманың тарихи қалыптасып келе жатқан түрі; жанрдың теориялық концепциясы бір дәуірдің, белгілі бір ұлттың немесе жалпы әлемдік әдебиеттің азды-көпті ауқымды шығармалар тобына тән белгілерді жалпылайды» [Кожина 1964]. Өз кезегінде М.А.Черняк әдеби шығармаларды категориялық принцип бойынша бөлуді ұсынады: «Бұқаралық әдебиетте белгілі бір құрылымдық сұлбаны ұсынатын және ортақ тақырыпқа ие прозалық шығармалардың формальды-мазмұндық үлгілері болып табылатын қатаң жанрлық-тақырыптық канондар жасалды. Айталық, бұрыннан бар бет-әлпеттердің және кейіпкерлер түрлерінің жақсы бекітілген жиынтығы. Мысалы: «Өлді ме? Жасық жаспен өлікті тірілте алмаймыз. Өлімге жасар медициналық қайласы жоқ. Тірінің қамын

ойлайық. Дереву палатаға апарыңыз!» (Кемел Тоқаев. Таңдамалы-2, «Сарғабанда болған оқиға», 8-б.) деуінде өлімге құрбан болған жәбірленуші Рахымнан құтылудың амалын ойлаған қылмыскер Цойдың әрекеті ортақ тақырыпқа сай кейіпкердің түрін сомдайды.

Тіл білімінде мәтін жанрлық ерекшеліктерді ала отырып, адресат пен адресат арасындағы сөйлеу әрекетінің белгілі бір түрінің өкілі қызметін атқарады. Тіл білімінде мәтін жанрын анықтаудың үш негізгі тәсілі бар: жалпыфилологиялық, коммуникативті-белсенділік және әлеуметтік-прагматикалық. Жалпы филологиялық көзқарас өз мазмұны бойынша жанрдың әдеби анықтамасына жақын. Т.В.Шмелева жалпы филологиялық көзқарас шеңберінде үш саланы белгілейді: семантиканы түсіндірумен лексикалық; стилистикалық, мұнда лингвистикалық құралдар жиынтығымен мәтіннің құрамы талданады; және сөйлеу жанрын айтылымның ерекше үлгісі ретінде қарастыратын М.М.Бахтиннің идеясына негізделген сөйлеутану. Осылайша жиналған ақпаратты жалпылама сипаттау үшін Т.В.Шмелева сөйлеу жанрының «сауалнамасын» пайдалануды ұсынады, оған келесі бағалау категориялары кіреді:

- жанрдың коммуникативті мақсаты; Мысалы: «Ғалия Нұғманова ма? Сәлеметсіз бе? Бұл облыстық Ішкі істер басқармасынан» (Кемел Тоқаев. Таңдамалы-2, «Сарғабанда болған оқиға», 9-б.).

- автор туралы түсінік; Мысалы: «Оның бұл сөзіне сол сәтте мән беру қисынсыз емес пе еді? Біріншіден, Цой – белгілі дәрігер, қалаға беделі күшті. Жұрттың бәрі онымен санасады, оның өзін өлімнен арашалаушы деп қарайды... Осындай көпе-көрнеу ақиқатқа қарсы келіп, осындай шындықты ашқаныңызға таңым бар» (Кемел Тоқаев. Таңдамалы-2, «Сарғабанда болған оқиға», 9-б.). Бұл – майор Ділдәбековтың автордың прототибі капитан Талғат Майлыбаевтың кәсіби дағдыларына берген бағасы.

- оқиғаның мазмұны;

Осы аталған повесте қара басының қамын ойлайтын аға лейтенант Быстров, күнәсіз Аида Глуховадан жауап алған кезде, өте дөрекілік танытып, күш те көрсетеді. Сырт көзге ұстамды, пысық көрінгенімен, ақылын амалға, айлаға айналдыра отырып өзінің бас пайдасын ойлайтындар бүгінде күнделікті өмірде кездесіп жатады. Медбике Гулхованың бар айыбы-қанішер қолынан қаза тапқан қойшы Рахымның соңғы сөзін өз құлағымен естіп, екі көзімен көруі. Көз алдында жантәсілім еткен Рахым үзілер сәтінде үзік-үзік әлсіз ғана өзін қоршап тұрған жақындарына «Цойға сенбеңіздер» деп айтады. Быстров өз кезегінде қызметін асыра сілтеп, жазықсызға жала жауып, аққа күйе жақпақ болды. Жиырмадағы Рахымды аяусыз пышақтап, тырнақтарын жұлып, өкпесіне шеге тығып өлтірген қылмыскер-жаратылысында қарапайым, жұртқа деген сенімі мен сүйіспеншілігі мол қызметіне адал, қысыл-таяң тұста қайраттанып жол таба білетін майор Ділдәбеков, капитан Майлыбаев, полковник Дайыров сынды азаматтардың күшімен қолға түсті. Есімі аудан, облыс көлемінде мәшһүр, атағы жер жарған дәрігер Цойдың сан соқпақпен жүріп, артына із қалдырмай істеген қылмысы білікті мамандардың арқасында анықталып, өз кезегінде тиесілі жаза тағайындалды. «Сарғабандағы болған оқиға» повесінің оқиға желісі жалпы өмірде болған.

- өткен коммуникация факторы;

Белгілі орыс ғалымы С.Г.Тер-Минасова: «сөз адамдарды байланыстырады, қарым-қатынас арқылы біріктіреді. Қарым-қатынассыз қоғам жоқ, қоғамсыз әлеуметтік адам, мәдениетті адам, парасатты адам, «толық адам» болмайды. Ешбір ғылым, ешбір мамандық сөзсіз орындалмайды. Олар ең болмағанда білім мен тәжірибені тұжырымдап, оны сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу үшін қажет» дейді. Демек, өткен коммуникация бұл шығармада кездесіп, кейіпкердің психологиялық жағдайын өткен шақта баяндайды. Эмоционалды-экспрессивті жағдайда пайымдау өткен коммуникацияның нәтиже бергенді білдіреді. Жазушы кейіпкерлердің образын сомдау үшін уақыттарды салыстырады. Осы арқылы автордың стиліндегі уақыт кеңістігінің коммуникациядағы ерекшеліктерін байқаймыз. Кеше, бүгін, ертеңнің

шындықтарын бетпе-бет кездестіру арқылы оқырман назарын аударады. Мысалы: «Мендей қылмыс жасағандарға Совет өкіметі рахымшылық жасап, әлдеқашан кешірім берген жоқ па еді? Олар сондай қылмыс жасағандарын ұмытып кетті. Ал мен сол қылмысымды жасырамын деп жиырма жылдан астам азап шегіппін. Тән жарасының емес, жан жарасының азабын тарттым» (Кемел Тоқаев. Таңдамалы-2, «Сарғабанда болған оқиға», 98-б.).

- коммуникациялық болашақ факторы;

Келешектегі коммуникацияны болжау кейіпкерлер арасындағы тартыстың шамасын бейнелейді. Іске аспаған әрекет кейіпкерді тығырыққа апарды. Оның шынайы бейнесін көлеңкенің астынан шығарып, нақыт осы жағдайға оқырман тарапынан баға бергізеді. Детективтік прозаның идеясын автордың көзқарасымен, кейіпкерлер арасындағы тілдік коммуникациямен анықтай түседі. Мысалы: «Азамат Майснер, сіздің жеке басыңызды анықтау үшін біз куәларды шақыруға мәжбүр боламыз. Әлгі суреттегі кішкене бала өзіңіздің ұлыңыз Олег. Ол осы қалада тіс салушы техник болып жұмыс істейді. Жоғары білімі бар, дәрігер. Сіздің жұбайыңыз Маргарита, ұлыңыз Олег екеуң де сізді майданда қаза тапқан деп есептейді. Қадір тұтып жүрген адамның кейпін көрісн олар» (Кемел Тоқаев. Таңдамалы-2, «Сарғабанда болған оқиға», 96-б.).

- лингвистикалық іске асыру.

Белгілі бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің қасақана бағдарламасына негізделген коммуникативті әрекеттердің жиынтығы ретінде қарастыратын іскерлік қарым-қатынастың тиімділігі қарым-қатынас серіктестерінің коммуникативті ниетін тілдік жүзеге асырудың әртүрлі тәсілдеріне байланысты. Коммуникативті ой арқылы біз сөйлеушінің мәлімдемесінің нақты мақсатын түсінеміз, яғни ол сұрай ма әлде растай ма, болмаса шақыра ма, айыптайды немесе мақұлдайды, кеңес береді немесе талап етеді және т.б. Коммуникативті ой серіктестердің сөйлеу әрекетін реттеуші болып табылады. Сонымен қатар, қажеттіліктерді, мотивтерді және ойларды көрсете отырып, коммуникативті ойлар қарым-қатынастың себептерін айқын көрсетеді. Орыс тіл білімінде айтылымдармен Е.М.Верещагин [2], В.Г.Гак [3], М.С.Каган [5], А.А.Леонтьев [6] айналысқан, бірақ бұл мәселе ең айқын және толық дамытқан М.М.Бахтин болды, ол сөздік қатынастың нақты бірлігі деген сөздің мағынасын терең түсінді [1, б. 440]. М.М.Бахтин еңбектерін талдау негізінде іскерлік қарым-қатынаста айтылым мазмұнын анықтайтын факторларға мыналар жатады: пәндік-семантикалық сарқылу; мақсатты бағдарлау; мәлімдеменің толықтығы. Бірінші фактор – айтылу тақырыбының субъектілік-семантикалық сарқылуы – сөйлеу коммуникациясына байланысты әр түрлі болады. Тоқырау – іскерлік салада болуы мүмкін, яғни сөйлеу жанрлары мүмкіндігінше стандартты болып табылады. Екінші фактор – өтініштің коммуникантқа бағытталуы, яғни оның адрестелуі. Сөйлемнің адресаты сөз жауап беретін адаммен жеке сәйкес келуі мүмкін. Іскерлік қарым-қатынаста, әдетте, жеке сәйкестік: мен жауап беретін адам да менің адресатым, мен одан жауап немесе белсенді түсінуді күтемін. Үшінші фактор – мәлімдеменің толықтығы. М.М.Бахтин өз еңбегінде жазғандай, бұл «сөйлеу субъектілерінің өзгеруінің ішкі жағы: бұл өзгеріс сөйлеушінің осы сәтте немесе берілген жағдайда айтқысы келгеннің бәрін айтқан немесе жазғандықтан болады. Мәлімдеменің толықтығының бірінші және маңызды критерийі – оған жауап беру, жауап позициясын ұстану. Мәлімдемелерге жауап бере алу үшін толықтық қажет» [Сонда, б. 458]. Айтылымды зерттеуде біз Т.М.Дридзе «сөйлеу әрекеттерінің жағдаятты түрде анықталған тізбегі немесе сөйлеудің ашық және «бұралаң» ағыны ретінде анықтаған «дискурс» түсінігін ерекше атап өту маңызды сияқты. әр алуан субъективті және объективті факторларға байланысты оның бағытын өзгерту, демек, мазмұны мен мағынасы жағынан болжау мүмкін емес» [4, б. 21]. Дегенмен, біз мәлімдемені сөйлеу өнімінің бір түрі деп санаймыз. Оның құрылымы әдеттегі сөйлем сызбасына (диалогтың репликаларына) сәйкес келмейтін сөйлеу формацияларынан құралған, ал мазмұны модальды-коммуникативтік аспектіні қамтитын құрылымдық-семантикалық схема болып

табылады. Сөйлеу айтылымының осы белгілеріне сәйкес, атап айтқанда, субъектілік-семантикалық сарқылуы, адрестелуі және толықтығы, айтылымның негізгі белгісі сөйлеуге қатысушыларға бағыттылық (сөйлеушінің позициясын айту және әңгімелесушінің реакциясы туралы білімін есептеу) болып табылады.

Сөйтіп, қазақ детективті прозасының ерекшеліктері Кемел Тоқаевтың «Сарғабанда болған оқиға» повестінің негізінде, соның ішінде тілдік-стильдік ерекшеліктері негізінде талданды. Осыған орай Кемел Тоқаевтың қазақ әдебиетінде және қазақ тіл білімінде ойып алардай өзіндік орны бар деген тұжырымға келеміз. Әлем әдебиетінде Артур Конан Доил, Агата Кристилерден бастау алып, 20 ғасырда қазақ әдебиетінде Кемел Тоқаевтар тұсында криминалистика, детективтік жанры қазақ әдебиетінен алғаш рет орын алып, аталмыш жаңашыл жанрдың лингвистикалық сипаттары назарға ілінді. Сонымен қатар, тіл мен әлеуметтік коммуникацияның қазақ детективтік прозасының мәтінтүзіміндегі алатын орны да ерекше маңызды. Демек, қазақ детективтік прозасындағы лингвистикалық және стилистикалық аспектілерінің дамуы, оларды анықтау барысында үлкен қадам болғаны анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Кемел Тоқаев. Таңдамалы, «Сарғабанда болған оқиға», 6-103-б.б.
2. С.Г.Терминасова. «Язык и межкультурная коммуникация»
3. В.А. Байко. «Детектив прозасының негізгі жанрлық белгілері»
4. <https://ru.citaty.net/avtory/artur-konan-doil/>
5. <https://ru.wikipedia.org/wiki/персонафикация>
6. <https://ru.citaty.net/avtory/artur-konan-doil/>
7. <https://qazaqadabiet.kz/16618>
8. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығына [Алматы, «Аруна Ltd.», 2010]

ДІНИ ДАСТАНДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*КӘРІБАЙ Қ.С.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
докторанты.
Қазақстан, Астана қ.*

Діни дастандар – эпикалық жанрға жататын халық ауыз әдебиетінің бір тобы. Бұл эпостардың көбі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде жариялана бастады. Сол кезеңде діни дастандарды көпшілік алдында мәнерлеп оқып, насихаттау ерекше дәстүр болды және оны қиссашылар (қиссахан) орындады.

Діни эпостар – біздің бай мұрамыздың бір бөлшегі. «Киік», «Жұмжұма» сияқты шағын қиссалардан бастап, бірнеше оқиғалар сипатталатын «Зарқұм», «Салсал» тәрізді көлемді эпикалық жырларға дейін қазақ фольклорын өсіруге, дамытуға өзіндік үлес қосты. М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева, Б.Рақымов т.б. зерттеушілер эпос жайлы түрлі пікірлерін білдіріп, ой қозғап, тақырыптық тұрғыдан да, кезеңдік тұрғыдан да жүйелеудің жолдарын көрсете білді.

Діни дастандарға қатысты зерттеу жұмыстары соңғы жиырма жылдың ішінде көрініс таба бастады. Діни эпостарды эпикалық жыр тұрғысынан Р.Бердібаев, Ө.Күмісбаев, Б.Әзібаева сияқты ғалымдар қарап, араб-парсы және қазақ көркем шығармалары арасындағы әдеби байланысты қарастырды. А. Қыраубаева діни қағида заңдылықтарды жырлайтын туындылар жайлы сөз қозғап, діни ағартушылық тұрғыдан